ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 26 мамыр № 4360-23-00-2/831 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Қызылорда аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ОРЫНБАСАРОВА АЙГЕРІМ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айгерім Шыныбекқызы Орынбасарова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Қызылорда аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ОРЫНБАСАРОВА АЙГЕРІМ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айгерім Шыныбекқызы Орынбасароваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ОРЫНБАСАРОВА АЙГЕРІМ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айгерім Шыныбекқызы Орынбасарова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «ОРЫНБАСАРОВА АЙГЕРІМ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айгерім Шыныбекқызы Орынбасаровадан мемлекет кірісіне 10

842 (он мың сегіз жүз қырық екі) теңге тұрақсыздық айыбы мен 325 (үш жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Көшірмесі дұрыс

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Шешім 2023 жылы 10 шілдеде заңды күшіне енді.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 29.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 10.07.2023, судья Әбілқайысқызы А., 10.07.2023

4360-23-3-1/902